

**2023 жылғы вегетациялық кезеңге  
Қазақстан Республикасының таулы өзендеріне  
арналған ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ**

**Астана 2023 ж.**

Таулы өзендер үшін (Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы, шығысы) 2022 жылдың 1 қазанынан 2023 жылдың 1 сәуіріне дейінгі ылғалдың жиналу кезеңіне түсетін жауын-шашын мөлшері болашақтағы судың негізгі көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасының таулы аумақтарында шағын аумақтардағы жер бедерінің биіктігі 500 м-ден 5000 м-ге дейін өзгереді. Тиісінше, таулы жерлердегі қар жамылғысы біркелкі емес және ол тау сілемінің орналасуына байланысты. Бұл жағдайларда жер бедерінің биіктігі 200 м-ден 500 м-ге дейін өзгертін ҚР жазық аумағында орналасқан өзендерден айырмашылығы, қар жамылғысындағы ылғал қорының көлемін млн. м<sup>3</sup> есептеу мүмкін емес.

1-қосымшада Қазақстан Республикасының таулы аумағының өзендері бойынша қар қоры және жауын-шашын мөлшері туралы мәліметтер келтірілген.

2023 жылдың 1 сәуірдегі жағдайына сәйкес, ҚР-ның таулы аумақтарындағы қармен басқан алаңдар ЖҚЗ түсірілімдерінің мәліметтері бойынша (2-қосымша):

- Жамбыл облысы - 1%;
- Түркістан облысы - 2%;
- Алматы облысы - 11%;
- Жетісу облысы - 13%;
- Абай облысы - 42%.
- Шығыс Қазақстан облысы - 65%.

#### **1) Ылғал жинақтау кезеңіндегі жауын-шашын жиынтығының мөлшері:**

• **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында** Ертіс өзенінің оң жағалау саласының өзен алаптарында 347 мм, орташа көпжылдық мәні 245 мм-ге тең. Бұқтырма су қоймасы аймағының өзен алаптарында - 214 мм, орташа көпжылдық мәні 162 мм-ді құрайды. Ертіс өзенінің сол жағалау саласының өзен алаптарында - 187 мм, орташа көпжылдық мәні 140 мм. Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында - 181 мм, орташа көпжылдық мәні 153 мм-ге тең;

• **Түркістан облысында** Арыс өзені алабында 381 мм, орташа көпжылдық мәні 296 мм-ді құрайды. Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемі өзен алаптарында - 564 мм, орташа көпжылдық мәні 461 мм-ге тең. Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында - 381 мм, орташа көпжылдық мәні 296 мм;

• **Жамбыл облысында** Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында 198 мм, орташа көпжылдық мәні 176 мм-ге тең. Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзен алаптарында - 141 мм, орташа көпжылдық мәні 158 мм-ді құрайды;

• **Алматы және Жетісу облыстарында** Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында 213 мм, орташа көпжылдық мәні 171 мм-ге тең.

Жетісу Алатауы өзен алаптарында - 237 мм, орташа көпжылдық мәні 134 мм-ді құрайды. Іле Алатауының оңтүстік беткейіндегі мен Кетмен жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында - 132 мм, орташа көпжылдық мәні 210 мм-ге тең.

**2) Тау өзендерінің алаптарындағы қар қоры төмендегідей:**

- **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында** Ертіс өзенінің оң жағалау саласы өзен алаптарында 567 мм, орташа көпжылдық мәні 428 мм. Бұқтырма су қоймасы аймағы өзен алаптарында - 332 мм, орташа көпжылдық мәні 231 мм. Ертіс өзенінің сол жағалау саласы өзен алаптарында - 50 мм, орташа көпжылдық мәні 61 мм. Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында - 279 мм, орташа көпжылдық мәні 227 мм;

- **Түркістан облысында** Арыс өзені мен Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында қар толығымен еріді. Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемінің өзен алаптарында - 18 мм, орташа көпжылдық мәні 103 мм;

- **Жамбыл облысында** Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі және Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзен алаптарында қар толығымен еріді;

- **Алматы және Жетісу облыстарында** Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында 100 мм, орташа көпжылдық мәні 106 мм. Жетісу Алатауының өзен алаптарында - 98 мм, орташа көпжылдық мәні 118 мм. Іле Алатауының оңтүстік беткейі мен Кетмен жотасының солтүстік беткейінің өзен алаптарында - 47 мм, орташа көпжылдық мәні 86 мм.

Гидрометеорологиялық жағдайды талдау негізінде вегетациялық кезеңге тау өзендеріндегі су ағынына гидрологиялық болжам жасалды (3-қосымша)

Метеорологиялық стансаларда жүргізілген көпжылдық бақылаулар бойынша бір тәулікте ай сайынғы жауын-шашынның түсуі қауіпті табиғи гидрометеорологиялық құбылыстарға әкелуі мүмкін. Температураның жоғарылауы жағдайында және қатты жаңбыр жауған жағдайда Қазақстанның оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы таулы өзендер бойымен қатты жаңбырлы су тасқыны өтуі мүмкін.

**Бас директор**

**Д. Алимбаева**

**Гидрология департаментінің  
директоры**

**А. Ахметов**

**Орындаушы**

**С. Ибраев**